

Ж.А. МАМЫТБАЕВА^{1*}, У.Б. ТӨЛЕШОВА², А.Р.БОРАНБАЕВА³

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),

² Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент)

zhanat02014@mail.ru

ПЕДАГОГ-ТӘРБИЕШІЛЕРДІ ЖОБАЛАП ОҚЫТУДА ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа

Мектетеппе дейінгі білім беру ұйымдарында болашақ педагогтарды даярлауда жобалап оқытудың мәнін ашып зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру мәселесінің қарастырылуы. Педагогикалық білім беру саласында нәтижеге жетуде зерттеушілік іс-әрекеттің маңызы басым. Іс-әрекет зерттеуде әлеуметтік ғылымдарда, психология мен педагогикада жиі қолданылатын философия мен зерттеу әдістемесі болып табылады. Болашақ педагогтер жобалап оқыту негізінде зерттеушілік қис-әрекеттерде күрделі мәселелерді шеше білуі тиіс. Жоғары оқу орнының студенттің танымдық, әлеуметтік белсенділіктері нығая түседі, оқуға деген қызығушылықтары артып, жобалық іс-шаралар негізінде болашақ педагог-тәрбиешілерге жобалап оқыту барысында жоба әдісі, жобалау, жобалау технологиясы, жоба әдісінің тұжырымдамалық негіздері, жоба әдісін пайдалануға қойылатын негізгі талаптар, жоба түрлері, жобалау әдістерінде жобаның дидактикалық құндылығы. Процесстерде іс-әрекетті зерттеуде болашақта жеке және ұйымдастырушылық өзгерістерді болжауға мүмкіндік беретін, негізгі себептерді түсіну үшін талдаулар жасау немесе деректер нәтижесінде мәселелерді шешуде интерактивті зерттеу процесіне байланысты. Ғылыми зерттеулерде жаңа ғылыми білімді дамыту процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі. Іс-әрекеттерді зерттеуде практиктердің өз тәжірибелерімен проблемалық зерттеудің бір түрін эмпирикалық процесс деп қарастырған. Мақсаттылық әлеуметтік ғылымдар саласындағы білімді құру және бөлісу. Зерттеу объективтілікпен, репродуктивтілікпен, дәлелдермен, дәлдікпен сипатталады. Оның өзара байланысты екі деңгейі бар: эмпирикалық және теориялық.

Түйін сөздер: Болашақ педагогтар, зерттеушілік, зерттеушілік іс-әрекет, жобалау, тұжырымдама, технологиясы, ғылыми зерттеулерде, жобалап оқыту.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында: «Білім беру жүйесінде ең алдымен, кадрлар саясатында білікті мамандарды даярлаумен қатар, өз бетінше шешім қабылдау жүйесіне және оларды тиянақты орындауда жауапкершілік деген көзқарасты өзгертуден бастау керектігін атап өтті. Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсаттарында Үкіметке – Үздіксіз білім берудің тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырылғандығы мәлім. Бұл құжаттарда бейресми білім беруде баламалы нұсқалардың көптеп енгізуі, өз бетінше оқу нәтижесін мойындауда, кәсіби

дағдыларды сертификаттау мәселелері қарастыру қажеттігі ескерілді. Біз болашақ педагогтердің қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет екендігін қарастырды. Ғылым саласындағы жағдайларға ерекше назар аударуды талап ете отырып, нәтиже шығаруды тапсырды [1]. Мемлекет басшысының жолдауында негізделгендей білікті мамандарды даярлау болашақ педагогтерінің білім алу мен тәрбиелеуінен бастау алатындығына толықтай келісуімізге болады.

Негізгі бөлім. Қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістер мен жеке тұлғаға қойылатын талаптары өзгеруде. Осыған байланысты қазіргі заманғы адам көшбасшылық

әлеуетке ие болуы керек, ақпараттың үлкен көлемін жеңе білуі, қарым-қатынастар жасай білуідегі және топпен жұмыс істеуі керек, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта мен танымдық процестің дамуына, жобалап оқытудың негіздерін, болашақ педагог-тәрбиешінің құзыретінде деп танылып жүзеге асырылуы қажет деп танытады [2,34 б.].

Тұлғаның сыни тұрғыдан түсінумен байланысты бір уақытта зерттеу жүргізу процесі арқылы трансформациялық өзгерістерге ұмтылуымен жүзеге асады. Курт Левин Массачусет технологиялық институтының профессоры, алғаш рет 1944 жылы «іс-әрекетті зерттеу» терминін енгізді. Іс-әрекеттерді зерттеуді «әр түрлі жоспарлау, іс-қимыл және фактілер шеңберінен тұратын қадамдар спиралын қолданатын» әлеуметтік іс-әрекеттерге әкелетін түрлі әлеуметтік әрекеттер мен зерттеулердің шарттары мен салдарын салыстырмалы зерттеу деп сипаттады. Болашақ педагогтер жобалап оқыту негізінде зерттеушілік іс-әрекеттерінде күрделі мәселелерді шеше білуі тиіс. Зерттеушіліктегі негізгі іс-әрекеттер пәндік білімді де, зерттеу қызметін жүзеге асыру саласындағы білім мен дағдыларды да, яғни әдіснаманы да меңгерудің жоғары деңгейін болжайды. «Зерттеушілік іс-әрекеті» философиялық тұрғыдан алғанда ойлау нәтижесінде туындайтын жаңа білімдерді өңдеумен байланыстыруда әрекет етуі деп тұжырымдасақ.

Д.Берлайнның зерттеушілік іс-әрекет негізін қалаушылардың бірі болған. Белгісіздіктен туындаған ынтаны бәсеңдетпеуге бағытталған әрекетпен түсіндіреді. Оның зерттеуі физиологиялық бағыттылықтағы «зерттеу іс-әрекеті» іс-әрекет арқылы жоқтан барды жасау десе.

А.Н. Поддьяковтың зерттеуінде зерттеу іс-әрекеті арқылы қоршаған ортадағы жаңа материалдар жинақтау мен табуға бағытталған белсенді әрекет» деген түсінік береді [3,53 б.]. Бүгінгі таңда жаһандандудың әсерінен жоғары оқу орындары тек өз қоғамының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдегі өзгерістер мен инновациялық технологиялардың за-

маны [4,61 б.]. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары білім алу арқылы және осы ақпарат арқылы қоғамды дамытумен айналысады. Осы себепті бұл елдердің даму деңгейін анықтайтын ең маңызды фактор жоғары білім сапасы болып табылады Т.Тәжібаевтың көзқарасы бойынша зерттеушілік іс-әрекеттер тұлға әрекеттерінің бір мақсатқа жетудегі бағыттылығындағы оқудағы немесе еңбек нәтижесінде өнімді шығарудағы саналы әрекет нәтижесі деп пайымдайды [5,9 б.]. Мектеп жасына дейінгі болашақ педагог тәрбиеші болашақта өз алдына тұрған тұлғаға еңбек ету әрекетінде нәтижеге жетуді үйретумен қатар зерттеушілікке деген қызығушылықтарын оятып саналы ұрпатардың өсіне жағдай жасайды.

Р.М. Қоянбаев адам қоғамдағы қатынастарға ену арқылы тұлғаның әрекет жасауындағы тәжірбиені игеруінде. Зерттеушілік іс-әрекет адамдардың іс-әрекет нәтижелерін объективті заңдылықтарын қамти отырып, қоғамдағы еңбек дағдыларын іске асырылатын іс-әрекеті деп түсіндіріледі [6,87 б.].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында болашақ педагогтарды даярлауда жобалап оқытудың мәнін ашып зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру мәселесінің қарастыруы туындап отыр осы тұрғыдан алғанда жобалап оқыту негізінде зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға арналған ілімдерге, көзқарастар мен пікірлерге талдау жасау жұмысымыздың негізгі міндеті болып есептеледі. Балаларды ерте жастан дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдай құру бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің және ата-аналардың ынтымақтастығы бағдарламасы (бұдан әрі-бағдарлама) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен дамытуда бірыңғай тәсілдерді белгілеу мақсатында әзірленді. Жобалап оқыту бейімделуді қалыптастыруға ықпал етеді, түрлі ұжымдарда жұмыс істеуге дағдыландыру негіз болады. Жобалық міндеттермен айналыса отырып, болашақ педагогтар белсенді ойлана бастайды.

Жоғары оқу орнының студенттің танымдық, әлеуметтік белсенділіктері нығая түседі, оқуға деген қызығушылықтары ар-

тып, жобалық іс-шаралар негізінде зерттеу дағдылары, сонымен қатар ынтымақтастық пен өз көзқарастары, яғни қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Біріншіден, сипатталған оқу жобасы мәселені талқылау нәтижесінде оның мақсаттары мен міндеттері туралы түсінікке қол жеткізілді. Содан кейін, шешімін табу әдісін іздеу нәтижесінде, жобалаушы педагогтар жоба ұсынды, содан кейін жобаны енгізеді.

Жобалау мен жобалап оқыту философияда, мәдениеттану мен әлеуметтануда психология ғылымдар әдіснамасында қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі ғылыми әдебиеттерде жобалау алда болуы тиіс өте қысқаша және өте нақты сипаттамасын жасау қызметі деп түсіндіріледі, бұл жерде ең маңызды құралы болашақ сипаты туралы, оның қолжетімдігі туралы, мақсаттық-құндылықтық ұстанымның болуында [7,19 б.]. Күнделікті нормалар мен салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар философия ғылымы ретінде қарастыратын болсақ. Философия құрамындағы педагогикалық білім мен жобалап оқытудың байланысының даму деңгейі екендігі байқалады.

Әдіснамалық негіздері мен әдістері.

Болашақ педагог-тәрбиешілерге жобалап оқыту барысында жоба әдісі, жобалау, жобалау технологиясы, жоба әдісінің тұжырымдамалық негіздері, жоба әдісін пайдалануға қойылатын негізгі талаптар, жоба түрлері, жобалау әдістерінде жобаның дидактикалық құндылығын екі аспект бойынша қарастыруға болады – болашақ педагогтар тұрғысынан және оқытушы педагогтар тұрғысынан. *XIX ғ. мен XX ғ. басында Жонь Дьюи* философ, ағылшын педагогы сол кездегі жаңа прагматизм философиясын дамытып, нақты перспективалар мен оңтайлы жағдайларды анықтауға тырысты қоғамның демократиялық даму жолдары, демократия және оның біліммен байланысы туралы өзіндік түсінік қалыптастырды. XX ғ. басында жобалар әдісі бүкіл әлемде кеңінен таратыла бастады, көптеген эксперименттік мектептерде жобалар әдісі бойынша да, оның түрлері негізінде де (*Дальтон-жос-*

пар, Иена-жоспар және т.б.) оқыту өріс алғаны мәлім еді. Дьюидің айтуы бойынша оқудың соңғы нәтижесі бойынша ойлау дағдыларын дамыту болды, бұл ең алдымен өзін-өзі оқыту қабілеті деп түсінілді. Оның көзқарастарына сәйкес, адамдарға пайдалы, практикалық нәтиже беретін және бүкіл қоғамның игілігіне бағытталған шынайы және құнды. Сонымен қатар, баланың даму сипатын түсінуде онтогенездегі бала адамзаттан кейін қоршаған әлемді тану жолын қайталайды деген идея қаланды [8,16-23 б.].

«Әрбір мектеп жасына дейінгі баланың жетістігіндегі» жобасы:

Мектеп жасына дейінгі баланың кәсіби бағдарлауы; кәсіби өзін-өзі анықтауы; болашақ кәсіби жолды таңдау; жеке білім беру траекториясын құру; салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру; мүмкіндігі шектеулі балалардың өзін-өзі дамытуы; аймақтық қосымша білім беру жүйесін дамыту; ресейлік білімнің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; жұмыс берушілердің білім беру ұйымдарының қызметін басқаруға қатысуы; белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру; үйлесімді дамыған және әлеуметтік жауапты тәрбиелеу негізінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік құндылықтарды халықтарының; еліміздің тарихи және ұлттық-мәдени дәстүрлер білуге жағдай жасау; студенттердің оқу уақытын оңтайландыру

Болашақ педагог-тәрбиешілер үшін кәсіби білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында. Әр адам үшін жаңа мүмкіндіктер және болашақ педагогтар үшін жобалар жасауда мамандандырылған және елдің барлық аймақтарында білім беру жүйелерін модернизациялаудың үлкен мүмкіндіктерін ашады, олар педагогтерді, тәрбиешілерді, тәлімгерді орта кәсіптік білім беру мекемесінің оқытушысын және жоғары оқу орнының ғылыми педагогикалық қызметкерін қалыптастыруға бағытталған қазіргі заманның сұраныстары деп айтуға болады. Болашақ педагог-тәрбиешілер тұрғысынан жоба жасаудың мүмкіндіктері; топта немесе жалғыз өзекті өнімнің жасалуы; болашақ педагогтардың өздері мақсат

пен міндет түрінде тұжырымдайтын өзекті мәселені шешуі; өз мүмкіндіктерін барынша пайдалану; өзін таныту, өз күшін сынап көруі, өз білімін қолдануы; әкелетін пайдасы; қол жеткізілген нәтижені көпшілік алдында көрсету және т. б.

Болашақ педагогтар тұрғысынан жоба жасаудың мүмкіндіктері; топта немесе жалғыз қызықты жобаның жасалуы; болашақ педагогтардың өздері мақсат пен міндет түрінде тұжырымдайтын қызықты мәселені шешуі; өз мүмкіндіктерін барынша пайдалану; өзін таныту, өз күшін сынап көру, өз білімін қолдану; әкелетін пайдасы; қол жеткізілген нәтижені көпшілік алдында көрсету және т.б. Болашақ педагогтардың жоба жасаудағы мүмкіндіктердің тұжырымдамасын шешу.

Педагогтың (оқытушының) көзқарасы бойынша жоба бұл өзіндік ерекшелікті іскерліктерді, дағдыларды және құзыреттерді, соның ішінде:

– проблематизация (проблемалық жағдайды қарастыру, бар қарама-қайшылықтарды бөліп көрсету, проблеманы және кіші проблеманы тұжырымдау, мақсаттар мен міндеттерді қою және т. б.);

– мақсат қою және қызметті жоспарлау;

– интроспекция және рефлексия;

– ақпаратты іздеу және сыни ұғыну (нақты материалды іріктеу, оны түсіндіру, қорыту, талдау);

– зерттеу әдістерін меңгеру;

– стандартты емес жағдайларда білімді, дағдыларды практикалық қолдану және т.б. Студент пен педагогтардың жобалау негізіндегі дидактикалық құндылықтар аспектісіне тұжырымдама жасалынды.

Жоба әдісін қолдануға қойылатын негізгі талаптарды:

1. Зерттеудің шығармашылық жоспарында маңызды мәселенің болуы.

2. Болжамды нәтижелердің маңыздылығы (теориялық, танымдық, практикалық).

3. Жобаға қатысушылардың дербес (жеке, жұптық, топтық) қызметі.

4. Кезеңдік нәтижелерді көрсете отырып, жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау.

5. Зерттеу әдістерін қолдану.

Оқытуда жобалар әдісі – оқыту жүйесінде қолданылады, онда студенттер үнемі күрделене түсетін практикалық тапсырмалар мен жобаларды жоспарлау және орындау процесінде білім алады [9]. Жоба әдісін дидактикалық категория ретінде қарастыра отырып, мәселені (технологияны) егжей – тегжейлі дамыту арқылы дидактикалық мақсатқа жету әдісін есте ұстаған жөн, ол белгілі бір жолмен жасалған нақты, практикалық нәтижемен аяқталуы керек. Жүргізілген зерттеулер жобалап оқыту әдісіне негізделген. Ол мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудегі студенттер үшін маңызды болып табылатындығын анықтай келе сандық және сапалық талдаулар жүргізіледі. [10, 145 б.].

И.В. Комарованың пікірінше, жобалау зерттеу қызметі – білім беру мен білім алушылардың маманының басшылығымен зерттеушілік, шығармашылық міндеттерді шешуін болжайтын қызмет түрі екендігіне тоқталды. [11, 106 б.].

Ғылыми еңбектерде Е.Г. Кагаров жоба әдісін жүзеге асыру бойынша зерттеу жүргізді. Зерттеу [12] нәтижелерінде әдістің ерекшеліктерін анықтауымен байланысты болды:

– балалардың мүдделеріне сүйену;

– проблемаларды ересек өмірден түйіну;

– шығармашылық;

– дербестік.

Зерттеудегі жобалаудың мақсаты жаңалықтардың теориялық және практикалық маңыздылығы бар ғылыми білім алу болып табылады. Бұл жобалауда зерттеу логикасына толығымен бағынады және нақты құрылымға ие, ғылыми зерттеулермен толық сәйкес келеді. Зерттеу жобасы академиялық зерттеудің барлық ережелерін сақтай отырып, өзекті мәселені зерттеуді білдіреді. Мұндай оқу жобалары үшін объектіні, пәнді және зерттеу әдістерін дұрыс анықтау маңызды. Ғылыми зерттеулерде жаңа ғылыми білімді дамыту процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі. Зерттеу объективтілікпен, репродуктивтілікпен, дәлелдермен, дәлдікпен сипатталады. Оның өзара байланысты екі деңгейі бар:

эмпирикалық және теориялық. Біріншісінде ғылымның жаңа фактілері анықталады және оларды жалпылау негізінде эмпирикалық заңдылықтар тұжырымдалады [13].

Жоба әдісін ғылыми зерттеулерде түрлеріне қарай шығармашылық, рөлдік және ойын жобалары, ақпараттық т.б. болып бөлінеді.

Шығармашылық жобалар. Осы типтегі жобалардың мақсаты шығармашылық өнім алу – газет, шығарма, альманах, бейнеролик, мереке, экспедиция және т.б. Шығармашылық жобалардың ерекшелігі-олар студенттер мен мұғалімдердің бірлескен іс-әрекетінің егжей-тегжейлі құрылымын қажет етпейді, ол тек нәтижеге сәйкес жоспарланады және дамиды. Алайда, бұл жобалар Түпкілікті нәтиженің нысаны мен құрылымын ойластыруды талап етеді: мереке сценарийі, шығарма немесе мақала жоспары, газет дизайны мен айдарлары және т. б.

Рөлдік және ойын жобалары. Осы жобалардың ерекшелігі олардың атауына байланысты: жобалар әдеби кейіпкерлердің, тарихи немесе ойдан шығарылған кейіпкерлердің рөлдерін ойнайды, ал жобаның нәтижесі тек жобаның соңында ғана пайда болады. Ойын нәтижесінде жоба құрылды ма? Жобаның негізгі мақсаты не?

Зерттеу қызметі өз бетінше білім алу қабілетіне ықпал етеді және ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, оның негізінде: қарама-қайшылықтарды көру және мәселелерде, гипотезалар жасау, фактілерді анықтау, сипаттау және түсіндіру, байқау, эксперименттер жүргізу болып табылады.

Зерттеу процесі ғылыми қызметтің әдіснамалық негіздерін қолдануды қамтиды. Сондықтан бұл қызметті оқу және зерттеу ретінде қарастырған жөн, ал біздің енгізілген жұмыстар негізінде оқу және зерттеу жобалары болып табылады [14].

С. Дворецкий жобалауды ұйымдастыру әдістемесі негізінде бірнеше принциптерге бөлді. Жобалау принциптеріне нормалары мен ережелеріне сүйенеді, олардың жиынтығы болашақта өзін-өзі ұйымдастыратын жүйесін құруда бірнеше принциптеріне тоқталсақ.

Қатысудың абсолютті ерікті принципі - білім беру процесінің кез-келген субъектісіне жобалауға қатысуға мүмкіндік беруі;

Жеке даму принципі – жобалар негізінде жеке дамуы, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруы керек. Бұл ретте жобалаудың маңызды бөлігі жобалау субъектісінің өзін өзгерту болып табылады;

Басқару принципі – жобалау процесінің нақты ұйымдастырылуын, өңделуін және бақылануын білдіреді, түсінуді талап етеді жобалау процесінің құрылымын, оның кезеңдерін бөлу, кезеңнен кезеңге ауысуды бақылау. Бұл принцип педагогтарға шындықтан ажырата білуге, жоба процесінің маңызды объективті жақтарын ажыратуға мүмкіндік береді.

Тұтастық принципі – педагогтың әдістемелік жүйесінің компоненттері мен жобалау кезеңдері арасында берік байланыс орнату. Оқу техникасы білімді тарату тәсілдерін қамтамасыз етуге ғана емес, жобалау субъектісінің өзіндік жұмысы үшін атқарылатын принциптер. С. Дворецкий ұсынған жобалауды ұйымдастыру әдістемесіндегі [15,17 б.] жоғарыда аталған принциптерге сәйкес есепке негізделген заманауи жобалық іс-әрекеттің психологиялық ерекшеліктері.

Ол мыналарды көздейді:

1. Оқу жобасын орындау процесін жеке келеген кезеңдерге бөлу және жобалық қызметке дайындықтың мотивациялық, танымдық, эмоционалды - еріктік және ақпараттық компоненттерін қалыптастыруға бағытталуы;

2. Мақсаты мен ерекшеліктеріне сәйкес студенттердің оқу-танымдық қызметін жандандырудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын анықтау жобалаудың әр кезеңінде;

3. Жобалау үшін оқу-әдістемелік және бағдарламалық-техникалық құралдар кешенін анықтау;

Профессор С. Дворецкийдің идеясының анықталған кезеңдерін және бейімделуін ескере отырып, жобалық іс-әрекеттің

негіздерін игеру процесінде студенттердің [15,18 б.]. Студенттерге білім беру мен оқу оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруге әсер жобасына арналған 1-кестесінде көрсетілген. ететін жалпы факторларды қарастырылды

Жобалау кезеңдері	Оқу-танымдық іс-әрекетті жандандырудың дидактикалық шарттары	Оқушыларды жобалық қызметке дайындау мақсаттары
Бастамашы кезең	студенттерді жобалау тақырыптарын әзірлеуге тарту; тақырыпты проблема түрінде тұжырымдау; шешілетін міндеттердің өзектілігі, әлеуметтік- маңыздылығы, практикалық бағыттылығы, конкурсқа қатысу.	Дағдыларды қалыптастыру: Жобаның мақсаттары мен міндеттерін қою; желілік жоспарлау әдістерін қолдана отырып жобалау стратегиясын әзірлеу.
Негізгі кезең	-өз бетінше таңдау міндеттерді шешу;	Дағдыларды қалыптастыру: - жобалау объектісін жүйелік
	-алынған шешімдерді талдау және- жобалаудың топтық сипаты; - пәнаралық жобаларды орындау; -жұмыс сапасын кезең-кезеңмен бақылау.	талдау; -сапа көрсеткіштерін ескере отырып, жобаларды әзірлеу -ақпаратпен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін қолдану.
Прагматикалық кезең	оқу-әдістемелік, ғылыми- техникалық, анықтамалық әдебиеттер санының жеткілікті болуы; мүмкіндіктерді пайдалану компьютерлік жүйелер мен ақпараттық технологиялар.	Жобаны пайдалана отырып ресімдеу дағдыларын қалыптастыру: - электрондық кітапханалар; -мәліметтер базасы және білім; -мәтіндік, графикалық компьютерлерлік; -фото, бейнематериалдар;
Қорытынды	қазылар алқасының жобаларды қорғауға қоятын талаптары туралы ақпараттың қолжетімділігі; кеңес алу мүмкіндігі кәсіпорын мамандары, ЖОО оқытушылары, мұғалімдер; жобаны қорғауға дайындық бойынша топтық жұмыс.	Дағдыларды қалыптастыру: - инновациялық шешімдер; -коммуникативті өзара әрекеттесу.
Нәтижесі	- жеңімпаздарды марапаттау, мысалы, туристік сапарлар; -келесі ұрпақ студент үшін жобаны оқу- танымдық жұмыста пайдалану.	Дағдыларды қалыптастыру: -жұмысты мұрағаттау, «портфолио» дайындау.

1-кесте. Студенттерге білім беру мен оқу жобасына арналған іс-әрекеттік кезеңдер

Нәтижелер және пікір алмасу. Болашақ педагог-тәрбиешілерді жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетке дамытуда жобалар мұқият ойластырылған құрылымды, дамыған мақсаттарды, анықта- маларды қажет етеді барлық қатысушылар үшін жобаның өзектілігі, нақты оның ішінде эксперименттік және тәжірибелік жұмыстар, нәтижелерді өңдеу әдістері. Мұндай жоба ғылыми зерттеулермен сәйкес келеді деп

айта аламыз, оның орындалуы міндетті тақырыпты негіздеу, зерттеу мәселелері мен міндеттерін тұжырымдау, гипотеза жасау, ақпарат көздерін және мәселені шешу жолдарынтабу, нәтижелерді жобалау және талқылау.

А.В.Хуторской құзыреттілікпен «студенттің белгілі бір саладағы сапалы өнімді қызметі үшін қажетті білім беру дайындығына қойылатын әлеуметтік талаптарды» түсінеді [16,28 б.] деп түсіндіріледі. Ғалымның көзқарасы бойынша құзыреттілік бұл «тиісті құзыреттілікке ие болу, студенттің белгілі бір әлеуметтік және жеке маңызды саладағы тәжірибесіне байланысты жеке қасиеттерінің жиынтығы» [16,29 б.]. Осылайша, автор құзыреттілікті өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырады (білім, білік, дағды, қабілет, құндылық - семантикалық бағдарлау) және оларды белгілі бір іс-әрекетте қолдануға дайын болу.

Зерттеу нәтижелері ретінде ғылыми әдебиеттерді талдау қолданылды, онда жобалық оқыту әдісін қолдану туралы эмпирикалық, эксперименттік мәліметтер де, теориялық жалпылау да бар; коммерциялық өкілдермен қарым-қатынастың жеке тәжірибесіне талдау және жалпылау жүргізілді коммерциялық және әлеуметтік жарнаманы өндіруге немесе пайдалануға байланысты коммерциялық емес құрылымдар; сондай-ақ, индукция және экстраполяция қолданылды, бұл зерттелген мәселелер бойынша бірқатар теориялық жалпылау жасауға мүмкіндік берді. Жоба зерттеушілік іс-әрекетінде болашақ педагогтердің зерттеушілікке қызығушылық процесіне тартады. Болашақ педагогтер оқу процесінде пассивті түрде сабақтарға қатысуының алдын алады, жобалауда зерттеушілік құзыреттілігін арттырып белсенді позицияны көрсетеді. Жобалық зерттеулерде болашақ педагог тәрбиешілердің қызығушылығы артады, ғылыми зерттеушілік жұмыспен зерттеулерге деген қызығушылығы артып, үлгерімі артады. Бұл процессте нақты зерттелініп отырған – жоба өнімінде алынады. Сол сияқты, педагог-тәрбиешілерді даярлау бағдарламаларына жиі өзгерістер енгізіледі,

өйткені олар педагогтарды даярлау жүйесін жетілдіруге және педагог – тәрбиешілердің біліктілігін арттыруға бағытталған, әсіресе жұмысқа қабылданғанға дейін мұғалімдерді даярлау арқылы жүзеге асады.[17,928 б.]. Педагог-тәрбиешілердің зерттеушілік тапсырмаларды мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін және жеке ерекшеліктері мен білім мазмұнындағы көлемдерін ескере отырып жүзеге асырылады. Шығармашылық арқылы тапсырмаларды орындауы мен ұсынуындағы талаптары ескеріледі [18,21 б.]. Мектепке дейінгі білім беру саласы бағытында ғылыми зерттеу жұмыстарына теориялық зерттеулер мен технологиясын анықтап қолданысқа ендгізу болды. Әр кезеңнің өзіндік мәселі тұрғысынан ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп отырды. [19]. Әрбір келесі технологиялық қадам алдыңғы кезеңнің жалғасы мен дамуын білдіретін, бір тұтас бөлігі болып табылады, сондықтан тұтастай қызмет етеді, яғни барлық ұйымдастырушылық және педагогикалық іс - шаралар, және мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен дамыту үшін пәндік – кеңістіктік даму ортасын жобалауды негізге алды [20,115 б.].

Е.С.Милинчук мақсатына қарай болашақ педагог-тәрбиеші ұйымдастыратын жұмыс және дайындық деңгейіндегі жоба түрлерін таңдауға болады. Сонымен қатар, оқу жобаларын келесідей жіктейді: тәжірибеге бағытталған жоба (бакалаврлар тәжірибеде сынақтан өткізетін жаңа жобаларды әзірлейді); зерттеу жобасы (бұл мәселелерді зерттеу); ақпараттық жоба (мұндай жоба нәтижелерді кең аудиторияға таныстыруды көздейді); шығармашылық жоба (мұнда мәселені шешуде автордың шығармашылығы маңызды рөл атқарады); рөлдік жоба (іскерлік ойындар танымал) [21] Оқу-зерттеу іс-әрекеті өзінің мәні бойынша жеке болып табылады және жаңа білім алуға бағытталған, ал жобалау мақсаты қосымша білім ала отырып, тек зерттеу шеңберінен шығу болып табылады. Бұл оқыту қолданыстағы оқу пәндерінің материалдары бойынша да, арнайы әдебиеттерде де

жүргізілуі керек [22]. Жобалық іс-әрекеттің білім беру әлеуеті студенттерде білім беру мүмкіндігін құру болып табылады толық Білім: барлық білімді синтездеу үшін оқытушылардың күш-жігерін біріктіру; студенттердің қосымша білім алуға деген ынтасын арттыру; ғылыми танымның маңызды әдістерін зерделеу (ойды ұсыну және негіздеу, жобаның міндетін өз бетінше қою және тұжырымдау, жағдайды талдау әдісін табу) Жобалау идеялармен жұмыс ретінде [23]. Жобалау - бұл негізінен зияткерлік қызмет, және ең бастысы тиісті түрде құрылған идеялар жиынтығы болып табылады (яғни жобалау - бұл міндеттер мен проблемаларды таңдау, қабылдау және шешу процесі). Тұлғаның кәсібилігі және кәсіби тұлға және өмірдің белсенді субъектісі ретінде қалыптасу процесінің күрделілігінің мәдени және тарихи жағдайларға қарамастан кез-келген қоғамдастықта туындайтын міндеттердің инвариантты сипатын анықтай келе технологиялардың маңыздылығымен түсіндіріледі [24,576 б.]

Қорытынды. Жобалау оқытудың технологиялық зерттеушілік іс-әрекетін дамы-

туда болашақ педагогтердің оны өзінің педагогикалық ісінде қолдана білуі керек, яғни: білім беру ортасын құру, мотивациялай білу, жұмыс барысында студенттің нені білу керектігін анықтау, күрделі құбылыстармен мәселелерді түсіндіру үшін қарапайым мысалдар келтіре білу, зерттеу мәселелерін толық ойлап анализ жасай білу үшін түрлі презентациялық тәсілдерді көрсету, топпен жұмысын, жеке кей жұмыстарды ұйымдастыру, зерттеу тәсілдерін топтарда талдауды ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін меңгеруі, гипотезаларды ұсыну, қорытындысын аргументтеу, объективті бағалау критерийлерін пайдалану және т.б.

Болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру жұмыстары студенттерге оқу іс-әрекетін белсенділендіруге мүмкіндік береді; зерттеу жұмысын жүргізудің қажеттілігіне сенім, білімін жетілдіруге қажетті білім, білік және дағдыларды игеруге қызығушылықтарын арттырады; өзінің іс-әрекет деңгейлерін бағалай білуі жоғарылайды; бүгінгі күні болашақ маманмен зерттеу жұмысын жүргізудің маңыздылығын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауы. – Нұр-Сұлтан, 2021. URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy> 183555 (өтінім берілген күні: 12.12.2021).
- [2] M.V. Kurmanbekova, G.O. Abdullayeva, N.N. Khan . The readiness of a future teacher- psychologist to engaging adolescents into project-research activities: a correlational aspect // Педагогика және психология. – 2022. № 2 (51). – 33-38 бб.
- [3] Поддьяков А.Н. Методологические основы изучения и развития исследовательской деятельности. – Москва, – 2005. – №4. – С. 39 - 47.
- [4] Gorur D.Z., & Babadogan M.C. (2018). A comparison with computer and instructional technology education program competencies. *New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences*, 5(5), 60– 66. doi:10.18844/prosoc.v5i5.3676 (Original work published September 13, 2018).
- [5] Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1993.-235 б.
- [6] Савенков А.И. детское исследование как метод обучения старших дошкольников. –Москва, 2007.
- [7]. Бахишева М. Педагогикалық жобалау теориясы мен технологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС-РПБК «Дәуір», 2011.-336. <http://rmebrk.kz/bilim/association/bahisheva-ped-jobalau.pdf>
- [8] Пахомова Н. Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении: Пособие для учителей и студентов педагогических вузов. – Москва.: АРКТИ, 2005. –112 с
- [9] Педагогический энциклопедический словарь / гл. ред. Б. М. Бим-Бад. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. 528 с.
- [10] Hamzaoui, C. (2021). The necessity of learning English in multilingual Algeria: Belhadj Bouchaib University as a case study. *Global Journal of Foreign Language Teaching*, 11(3), 140–149. doi:10.18844/gjft.v11i3.5586

- [11] Данчук И.И. Роль проектного обучения в подготовке выпускников современного вуза Publishing House Pedagogical Journal. 2018, Vol. 8. Is. 5A
- [12] Сиденко А.С. Метод проектов: история и практика применения / Завуч. – 2013. – №6. – С. 23-2
- [13] Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 бет.
- [14] Краузе А.А. Развитие исследовательских умений учащихся: учебное пособие. – Пермь, 2012. – 86 с.
- [15] Дворецкий С. Формирование проектной культуры // Высшее образование в России. 2003. № 4. 193 с
- [16] Хуторской А.В. Доктрина образования человека в Российской Федерации // Народное образование. – 2015 – № 3 – С. 35-46
- [17] Мамытбайева Zh. Formation of research competence of future teacher educators based on the technology of project training World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 14, Issue 3, (2022) 927-939
- [18] Сартаева Н.Т. Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру: филос. док. PhD ... дис. – Алматы, 2019. – 147б.
- [19] Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. – Алматы, 2018. – 269 б.
- [20] Бекмагамбетова Р.К. Дошкольная педагогика. 2-е издание, переработанное и дополненное: учебное пособие. – Алматы, 2018. – с.263
- [21] Миличук Е.С. Роль метода проектов в активизации познавательной деятельности бакалавров // Образование в современном мире: сборник научных статей. Саратов: Изд. Саратовского университета, 2018. С. 297–302.
- [22] Zhang Zhiming, Sun Jun, Duan Yaoshuai & Lu Binbin Research on modeling, simulation and experiment based on centrifugal spinning method. Journal of the Brazilian Society of Mechanical Sciences and Engineering. 2018. –№488. – P. 20-25.
- [23] Аялбергенова Г.С. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру: филос. док. PhD . дис. – Қарағанды, 2021. – 137 б.
- [24] Sergeeva M.G., Shilova V.S., Evdokimova A.N., Arseneva N.V., Degtyareva V.V., & Zuykov A.V. (2019). Future specialists' socialization in the context of competence approach. PráXisEducativa, 15(34), 571–583. Retrieved from <https://periodicos2.uesb.br/index.php/praxis/article/view/5796>. Acesso em: 24 maio. 2022.

References

- [1] Memleket basshysy Qasym-Zhomart Tokaevtyн «Halyk birligi zhane zhujeli reformalar – el orkendeuinin berik negizi» Kazakstan halkyna Zholdauy. – Nur-Sultan, 2021 [Elektronдық resurs]: URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (otinim berilgen kuni: 12.12.2021)
- [2] M.B. Kurmanbekova, G.O. Abdullayeva, N.N. Khan . The readiness of a future teacher-psychologist to engaging adolescents into project-research activities: a correlational aspect // Pedagogika jäne psihologia. – 2022. № 2 (51). – 33-38 bb.
- [3] Podd'yakov A.N. Metodicheskiye osnovy izucheniya i razvitiya issledovatel'skoy deyatel'nosti // Issledovatel'skaya rabota shkol'nikov. – M., 2005. №4. – S. 39 - 47.
- [4] Gorur, D. Z., & Babadogan, M. C. (2018). A comparison with computer and instructional technology education program competencies. New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences, 5(5), 60– 66. doi:10.18844/prosoc.v5i5.3676 (Original work published September 13, 2018).
- [5] Tājibaev T. Jalpı psixologiya. – Almatı, 1993. – 235 b.
- [6] Savenkov A.I. Detskoye issledovaniye kak metod obucheniya detey starshego doshkol'nogo vozrasta. – Moskva 2007.
- [7] Bahisheva M. Pedagogikalyq jobalayı: teoriyası men tehnologiasy: Oqılıq.-Almaty: "Dáýir" RKBK JSHS, 2011.-336 bet. <http://rmebrk.kz/bilim/association/bahisheva-ped-jobalau.pdf>

- [8] Pahomova N. Iu. Metod uchebnogo proekta v obrazovatelnom uchrejenii: Posobie dlä uchitelei i studentov pedagogicheskikh vuzov. – Moskva.: ARKTİ, 2005. – 112 s
- [9] Pedagogicheski ensiklopedicheski slovar / gl. red. B. M. Bim-Bad. M.: Bölsaia Rosiskaia ensiklopedia, 2002. 528 s.
- [10] Hamzaoui, C. (2021). The necessity of learning English in multilingual Algeria: Belhadj Bouchaib University as a case study. *Global Journal of Foreign Language Teaching*, 11(3), 140– 149. doi:10.18844/gjft.v11i3.5586
- [11] Danchuk I.I. Röl proektnogo obuchenia v podgotovke vypusnikov sovremennogo vuza Publishing House Pedagogical Journal. 2018, Vol. 8. Is. 5A
- [12] Sidenko A.S. Metod proektov: istoria i praktika primeneniia / Zavuch. – 2013. – №6. – S. 23-2
- [13] Bahisheva S.M. Pedagogikalyq jobalaý: teoriasy men tehnologiasy: Oqýlyq. - Almaty: "Dáýir" RKBK JSHS, 2011.- 336 bet.
- [14] Krauze A.A. Razvitie issledovatel'skikh umenií ushashixsia ushebnoe posobie. – Perm, 2012.– 86 s
- [15] Dvovreski S. Formirovanie proektnoi kültury // Vysšee obrazovanie v Rosii. – 2003. – № 4. – 193.
- [16] Hutorskoi A.V. Doktrina obrazovaniia cheloveka v Rosiskoi Federasii // Narodnoe obrazovanie. – 2015 – № 3 – S. 35-46
- [17] Mamytbayeva Zh. Formation of research competence of future teacher educators based on the technology of project training *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. Volume 14, Issue 3, (2022) 927-939
- [18] Sartaeva N.T. Aqparattyq tehnologialar negızinde bastauyş synyp oquşylarynyñ zertteuşilik is-äreket motvasiasyn qalyptastyru: filos. dok. PhD ... dis. – Almaty, 2019. – 147b.
- [19] Jienbaeva S.N. Mektepke deingı pedagogika. Oqu qūraly.- Almaty, 2018.- 269 b.
- [20] Bekmagambetova R.K. Doşkölnaia pedagogika. 2-eizdanie, perera botannoei dopolnennoe: uchebnoe posobie. – Almaty, 2018. – s.263
- [21] Milinchuk E.S. Röl metoda proektov v aktivizatsii poznavatelnoi deiatel'nosti bakalavrov // *Obrazovanie v sovremennom mire: sbornik nauchnykh statei*. Saratov: İzd. Saratovskogo universiteta, 2018. S. 297–302.
- [22] Zhang Zhiming, Sun Jun, Duan Yaoshuai & Lu Binbin Research on modeling, simulation and experiment based on centrifugal spinning method. *Journal of the Brazilian Society of Mechanical Sciences and Engineering*. 2018. –№488. – P. 20-25.
- [23] G.S. Aiapbergenova Bolaşaq bastauyş synyp müğalimderiniñ arnaiy qūzyrettilıgın jobalar ädisi negızinde qalyptastyru: filos. dok. PhD . dis. – Qarağandy, 2021. – 137 b.
- [24] Sergeeva, M.G., Shilova, V.S., Evdokimova, A.N., Arseneva, N.V., Degtyareva, V.V., & Zuykov, A.V. (2019). Future specialists' socialization in the context of competence approach. *PráXisEducacional*, 15(34), 571–583. Retrieved from <https://periodicos2.uesb.br/index.php/praxis/article/view/5796>. Acesso em: 24 maio. 2022.

Психолого- педагогическая сущность понятия исследовательская деятельность при проектном обучении педагогов-воспитателей

Ж.А. Мамытбаева ^{1*}, У.Б. Тулешова ¹, А.Р. Боранбаева ².

¹ *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, (Алматы, Казахстан),*

² *Южно-Казахстанский государственный университет (Шымкент Казахстан)*

Аннотация

Рассмотреть вопрос формирования исследовательской деятельности в подготовке будущих педагогов в дошкольных организациях образования с раскрытием сущности проектного обучения. В сфере педагогического образования приоритетное значение имеет исследовательская деятельность в достижении результата. Деятельность-это философия и методология исследования, наиболее часто используемые в исследованиях в социальных науках, психологии и педагогике. Будущие педагоги должны уметь решать сложные задачи в исследовательской деятельности на основе проектного обучения. Укрепляется познавательная, социальная активность студентов вуза, повышается интерес к обучению, в процессе

проектного обучения будущих педагогов-воспитателей на основе проектной деятельности метод проекта, Проектирование, технология проектирования, концептуальные основы метода проекта, основные требования к использованию метода проекта, виды проекта, дидактическая ценность проекта в методах проектирования. При изучении деятельности в процессах, связанных с процессом интерактивного исследования в решении задач в результате анализа или данных для понимания основных причин, позволяющих прогнозировать личностные и организационные изменения в будущем. Процесс развития новых научных знаний в научных исследованиях, вид познавательной деятельности. В исследовании деятельности практикующие своим опытом рассматривали один из видов проблемного исследования как эмпирический процесс. Целеустремленность создание и обмен знаниями в области социальных наук. Исследование характеризуется объективностью, воспроизводимостью, доказательностью, точностью. Он имеет два взаимосвязанных уровня: эмпирический и теоретический.

Ключевые слова: Будущие педагоги, исследовательская, исследовательская деятельность, проектирование, концепция, технология, научные исследования, проектное обучение.

Psychological and pedagogical essence of the concept of research activity in the project training of educators

Zh. Mamytbayeva¹, U.B. Tuleshova¹, A.T. Boranbaeva²

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, (Almaty, Kazakhstan),

² South Kazakhstan State University (Shymkent Kazakhstan)

Abstract

To consider the issue of the formation of research activities in the training of future teachers in preschool educational institutions with the disclosure of the essence of project-based learning. In the field of pedagogical education, research activity is of priority importance in achieving results. Activity is the philosophy and methodology of research, most often used in research in the social sciences, psychology and pedagogy. Future teachers should be able to solve complex problems in research activities based on project-based learning. The cognitive, social activity of university students is strengthened, the interest in learning increases, in the process of project training of future teachers-educators based on project activities, the project method, Design, design technology, conceptual foundations of the project method, the basic requirements for the use of the project method, types of project, the didactic value of the project in design methods. When studying activities in processes related to the process of interactive research in solving problems as a result of analysis or data to understand the main reasons for predicting personal and organizational changes in the future. The process of developing new scientific knowledge in scientific research, a type of cognitive activity. In the study of activity, practitioners considered one of the types of problem research as an empirical process with their experience. Purposefulness creation and exchange of knowledge in the field of social sciences. The study is characterized by objectivity, reproducibility, evidence, accuracy. It has two interrelated levels: empirical and theoretical.

Keywords: Future teachers, research, research activities, design, concept, technology, scientific research, project training.

Редакцияға 20.08.2022. қабылданды